

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 314 Заңы

Ескерту. Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап . 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 11, 72, 77-құжаттар; N 13, 85, 86-құжаттар; N 15, 92, 95-құжаттар; N 16, 98, 102-құжаттар; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 16, 18-құжаттар; N 3, 20, 23-құжаттар; N 4, 28, 33-құжаттар; N 5-6; 40-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 14-баптағы»"әкімшілік жазаға тартуға" деген сөздер "әкімшілік жауапкершілікке тартуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 36-бап мынадай мазмұндағы 3-2-бөлікпен толықтырылсын:

"3-2. Әкімшілік жаза барлық заңды тұлғаларға қатысты бірдей дәрежеде қолданылатын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырылатын қызмет түріне, қызметкерлердің санына және активтердің бір жылдағы орташа жылдық құнына байланысты шағын немесе орта не ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар үшін көзделген тәртіппен әкімшілік жауапкершілікте болады.";

3) 45-баптың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларындағы және 46-баптың үшінші бөлігіндегі "немесе оның тікелей объектісі" деген сөздер "не нысанасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 48-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "тиісінше орындалмаған сомасының," деген сөздерден кейін "аударылмаған (уақтылы аударылмаған) әлеуметтік аударымдар сомасының," деген сөздермен толықтырылсын;

5) 49 және 50-баптардың тақырыбындағы және бірінші бөлігіндегі "немесе оның тікелей объектісі" деген сөздер "не нысанасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 71-1-баптың бірінші бөлігі "158-1," деген цифрлардан кейін "158-2," деген цифрлармен толықтырылсын;

7) 75-бап "кәмелетке толмаған адамды" деген сөздерден кейін "сот," деген сөзбен толықтырылсын;

8) 9-1-тараудың тақырыбы "қол сұғатын" деген сөздерден кейін "және отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

9) мынадай мазмұндағы 79-5-баппен толықтырылсын:

79-5-бап. Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы
құқыққа қарсы іс-әрекеттер

1. Құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастағы азаматтарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй заттарына зақым келтіру және жеке тұрғын үй немесе пәтер шегінде жасалған олардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттер, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

айлық есептік көрсеткіштің бірден үшке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он тәуліктен он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Ескерту: Отбасы-тұрмыстық қатынастар деп:

бірге тұратын немесе тұрған;

не к е д е тұ р ғ а н ;

бұрынғы ерлі-зайыптылар;

жақын туыс адамдардың арасындағы қатынастар түсініледі.";

10) 87-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді қоспағанда, жұмыс берушінің немесе лауазымды адамның Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын б ұ з у ы , -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік

субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бестен отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

11) 94-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), -";

12) 109-баптың бірінші абзацындағы "шетелдік заңды тұлғалардан және азаматтардан" деген сөздер "шетелдіктерден және басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалардан" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 111-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы "айлық есептік көрсеткіштің" деген сөздерден кейін "алтыдан" деген сөзбен толықтырылсын;

14) 113-баптың екінші абзацында "онға" деген сөз "отызға" деген сөзбен ауыстырылсын;

15) 114-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі" деген сөздер "отыз айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 118-баптың екінші абзацы "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

1 7) 1 2 7 - б а п т а :

тақырыптағы ", газды" деген сөз алып тасталсын;

бірінші абзацтағы "газ не су құбырлары желілерінен газды немесе" деген сөздер "су құбырлары желілерінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 8) 1 2 8 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы "заңды тұлғаларға" деген сөздердің алдынан "шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алты жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

19) 129-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

20) 134-1-баптың екінші абзацындағы "бес жүзден мыңға дейінгі" деген сөздер "үш жүзден төрт жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 135-1-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы "іс-әрекеттер" деген сөзден кейін "(әрекетсіздік)" деген сөзбен толықтырылсын;

22) 145-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"145-бап. Бөтен тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын,
тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық
атауды заңсыз пайдалану

1. Бөтен тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын немесе тауар шығарылған жердің атауын немесе біртектес тауарлар немесе қызметтер үшін оларға ұқсас белгілерді заңсыз пайдалану, сондай-ақ бөтен фирмалық атауды заңсыз пайдалану, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

тауар таңбасының, қызмет көрсету таңбасының, тауар шығарылған жердің атауының немесе біртектес тауарлар немесе қызметтер үшін оларға ұқсас белгілердің заңсыз бейнесін қамтитын тауарлар тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға
ә к е п с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, -

тауар таңбасының, қызмет көрсету таңбасының, тауар шығарылған жердің атауының немесе біртектес тауарлар немесе қызметтер үшін оларға ұқсас белгілердің заңсыз бейнесін қамтитын тауарлар тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл
с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

Е с к е р т у л е р :

1. Осы бапта көрсетілген құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тәркілеу тауардан, оның орамасынан, бланкілерден немесе басқа да құжаттамадан тауар таңбасынан немесе тауар шығарылған жердің атауының дайындалған бейнесін, заңсыз пайдаланылатын тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жердің атауын, сондай-ақ олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгіні жою мүмкін болмаған жағдайда
ж ү р г і з і л е д і .

2. Осы баптың бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес тәркіленген тауарлар құқық

иеленушінің өтініші бойынша оған берілген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 628-бабында көзделген тәртіппен жойылуға тиіс.";

23) 155-баптың екінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы "жеке кәсіпкердің" деген сөздер "дара кәсіпкердің, сондай-ак конкурстық іс жүргізу немесе оңалту рәсімі кезінде дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқару функциялары берілген тұлғаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта:

"дара кәсіпкерлерге" деген сөздерден кейін "не конкурстық іс жүргізу немесе оңалту рәсімі кезінде дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқару функциялары берілген тұлғаларға" деген сөздермен толықтырылсын;

"бес жүзге дейінгі" деген сөздер "төрт жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) мынадай мазмұндағы 158-2-баппен толықтырылсын:

"158-2-бап. Зейнетақы жинақтарының құпиясын сақтау міндетін бұзу

Зейнетақы жинақтарының құпиясы бар мәліметтерді сақтау міндетін кәсіптік немесе қызметтік міндетіне байланысты өзіне мәлім болған адамның олардың иесінің келісімінсіз бұзуы, -

айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

25) 161-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында:

"екіден беске" деген сөздер "бестен жетіге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"оннан жиырмаға" деген сөздер "жиырмадан отызға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "екіден үшке" деген сөздер "бестен жетіге" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тауарлардың қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін куәландыратын ресми құжатты құқыққа қайшы пайдалану, -";

бесінші бөліктің екінші абзацы "жеке тұлғаларға" деген сөздердің алдынан "тауарлары тәркілене отырып не онсыз," деген сөздермен толықтырылсын;

26) 163-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "құқық бұзушылықтың тікелей объектісі болған тауарлар" деген сөздер "әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болатын этил спирті және (немесе) алкоголь өнімі" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "құқық бұзушылықтың тікелей объектісі болған тауарлар және құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістер тәркілене отырып" деген сөздер "әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болатын этил спирті және (немесе) алкоголь өнімі және құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістер тәркілене отырып, қызметтің тиісті түріне берілген лицензиядан айырып не онсыз," деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 164-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "Дара кәсіпкерлердің" деген сөздер "Осы Кодекстің 317, 317-1-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, дара кәсіпкерлердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 168-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"168-бап. Валюталық бақылау агентінің функцияларын
т и і с і н ш е о р ы н д а м а у

1. Валюталық бақылау агенттерінің операцияларын жүргізу кезінде, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының валюта заңнамасының талаптарын сақтауын тиісінше бақылауы, -
з а н д ы т ұ л ғ а ғ а е с к е р т у ж а с а у ғ а ә к е п с о ғ а д ы.

2. Қазақстан Республикасының валюта заңнамасына сәйкес талап етілетін клиенттердің валюта операциялары бойынша есептілікті табыс етпеуі не уақтылы табыс етпеуі, сол сияқты дұрыс емес есептілікті табыс етуі, -
з а н д ы т ұ л ғ а ғ а е с к е р т у ж а с а у ғ а ә к е п с о ғ а д ы.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде үш және одан да көп рет жасалған іс-әрекеттер (ә р е к е т с і з д і к) , -

орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2 9) 1 6 8 - 2 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне төлемдер мен ақша аударымдары мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес табыс етілуі талап етілетін мәліметтерді және (немесе) есептілікті табыс етпеуі, сол сияқты әлденеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) уақтылы табыс етпеуі не дұрыс емес мәліметтерді және (немесе) есептілікті табыс етуі, -

лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің бірінші абзацы "уәкілетті орган" деген сөздерден кейін "немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздермен толықтырылсын;
үшінші бөліктің бірінші абзацы "бірінші" деген сөзден кейін ", 1-1" деген
цифрлармен толықтырылсын;

4-1-бөліктің бірінші абзацы "әлденеше рет" деген сөздерден кейін "(қатарынан күнтізбелік үш айдың ішінде екі және одан да көп рет)" деген сөздермен толықтырылсын;

30) 169-бап мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"4. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың клиенттің банк шотынан Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ақша алу кезектілігін бұзуы, -
заңды тұлғаға айлық есептік көрсеткіштің отыздан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып, төлем немесе ақша аударымы жөніндегі нұсқауларды не ақшаны қолма-қол алу жөніндегі талаптарды орындамауы, сондай-ақ шот иесінің банк шотына ақшаны есептемеуі, -
заңды тұлғаға төлем немесе ақша аударымы жөніндегі нұсқаулар, ақшаны қолма-қол алу жөніндегі талаптар не ақшаны есептеу жөніндегі нұсқаулар сомасының он процентіне дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

31) 173-баптың он бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "бес жүз" деген сөздер "төрт жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 177-1-баптың тақырыбындағы "177-1-бап. Шығындарды" деген сөздер "177-5-бап. Шығындарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 180-бапта:
тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"180-бап. Валюталық заңнамаға сәйкес талап етілетін валюталық операциялар бойынша есептілікті, ақпарат пен құжаттарды табыс ету тәртібін бұзу";
бірінші бөліктің бірінші абзацында:

"(заңнамада белгіленген мерзім күнінен асып кеткен мерзімде)" деген сөздер алып тасталсын;

"есептілікті" деген сөзден кейін ", ақпарат пен құжаттарды" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацындағы "Табыс етпеу" деген сөздер "Валюта операциялары бойынша есептілікті, ақпарат пен құжаттарды табыс етпеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 181-бап алып тасталсын;

35) 182-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"182-бап. Валюта операциялары туралы хабарлама куәлікті немесе валюта операцияларын жасауға тіркеу куәлігін алу үшін құжаттарды беру мерзімін бұзу

1. Жеке және заңды тұлғалардың валюталық операциялар туралы хабарлама куәлікті немесе валюталық операциялар жасауға тіркеу куәлігін алу үшін құжаттарды беру мерзімін бұзуы, -

жеке және заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге - сексенге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

36) 188-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"188-бап. Валюта заңнамасын бұза отырып, валюталық операцияларды жүргізу

1. Шетел валютасын уәкілетті банктер мен олардың айырбастау пункттері, сондай-ақ уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері арқылы емес айырбас операцияларын жүргізу, резиденттер арасында тыйым салынған валюта операцияларын жүргізу, төлемдер мен аударымдарды уәкілетті банктердегі шоттар арқылы емес жүргізу, егер мұндай талап валюта заңнамасында белгіленсе, - жеке және заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - шағын немесе орта кәсіпкерлік немесе коммерциялық емес ұйымдардың субъектілері болып табылатын жеке және заңды тұлғаларға - белгіленген тәртіпті бұза отырып жүргізілген операция сомасының жетпіс процентіне дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз процентіне дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

37) 189-бап алып тасталсын;

38) 205 - бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында:

"лауазымды адамдарға" деген сөздерден кейін "және дара кәсіпкерлерге" деген

сөздермен толықтырылсын;

"орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацында:

"лауазымды адамдарға" деген сөздерден кейін "және дара кәсіпкерлерге" деген сөздермен толықтырылсын;

"орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

39) 206-баптың төртінші бөлігінің бірінші абзацы "іс-әрекеттер" деген сөзден кейін "(әрекетсіздік)" деген сөзбен толықтырылсын;

40) 207-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік),-";

41) 215-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацы, 216-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы, 219-баптың екінші және төртінші бөліктерінің бірінші абзацы "іс-әрекеттер" деген сөзден кейін "(әрекетсіздік)" деген сөзбен толықтырылсын;

4 2) 2 2 0 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацтағы "Жарылғыш материалдарды", "егер онда қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса" деген сөздер тиісінше "Осы Кодекстің 317-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, жарылғыш материалдарды", "қылмыс белгілері болмаған кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацтағы "Ядролық материалдарды" деген сөздер "Осы Кодекстің 317-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, ядролық материалдарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

43) 221-баптың екінші абзацы "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

44) 232-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "бес жүзге дейінгі" деген сөздер "төрт жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

45) 233-баптың екінші бөлігінің екінші абзацында:

"дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің" деген сөздер "дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға -" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"елуден жүзге дейінгі" деген сөздер "үш жүзден төрт жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"екі жүзден үш жүзге дейінгі" деген сөздер "бес жүзден алты жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

46) 235-баптың бірінші және екінші бөліктерінің екінші абзацы, 236-баптың екінші абзацы "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

47) 238-бапқа ескертулердің 1-тармағындағы "мемлекеттік стандарттардың, техникалық шарттардың, құрылыс нормалары мен ережелерінің" деген сөздер "техникалық регламенттерді қоспағанда, құрылыс нормалары мен ережелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 8) 2 4 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацында:

"белгіленген стандарттарды," деген сөздер алып тасталсын;

"Қоршаған ортаны" деген сөздер "Осы баптың 317-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, қоршаған ортаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацындағы "стандарттарды," деген сөз алып тасталсын;

49) 244-баптың екінші абзацы, 248-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы және 249-баптың екінші абзацы "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

5 0) 2 5 1 - б а п т а :

бірінші абзацтағы "топырақ құнарлылығының төмендеуіне әкеп соқтырған болса" деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзац "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

51) 252-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы "іс-әрекет" деген сөзден кейін "(әрекетсіздік)" деген сөзбен толықтырылсын;

52) 253-баптың екінші абзацы "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

53) 254-баптың тақырыбы мен бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"254-бап. Уақытша иеленген жерді мақсатына орай одан әрі пайдалану үшін жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді орындамау

Уақытша иеленген жерді мақсатына орай одан әрі пайдалану үшін жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді орындамау, -";

54) 272-баптың екінші абзацы және 275-баптың бірінші және екінші бөліктерінің екінші абзацы "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

55) 284-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацындағы "тұлғаларға - бес жүз" деген сөздер "тұлғаларға - төрт жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

56) 294 - бапта:
бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "Өсімдік қорғау" деген сөздер "Осы Заңның 317-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, өсімдік қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

57) 296-баптың бірінші абзацындағы "Елді мекендерді," деген сөздер "Осы Кодекстің 317-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, елді мекендерді," деген сөздермен ауыстырылсын;

58) 298-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацындағы және 298-1-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "құқық бұзушылық жасау құралдары немесе тікелей құқық бұзушылық объектілері болған заттары" деген сөздер "әкімшілік құқық бұзушылық заттары және (немесе) құралдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

59) 302 - бапта:

тақырыптағы "қолданыстағы стандарттарды (нормаларды, ережелерді) немесе" деген сөздер алып тасталсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "қолданыстағы стандарттарды (нормаларды, ережелерді) не" деген сөздер алып тасталсын;

60) 306-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "шет мемлекеттердің жеке немесе заңды тұлғаларына" деген сөздер "шетелдіктерге, басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

61) 306 - 1 - бапта:

екінші бөліктің екінші абзацы "экологиялық аудиторлық ұйымдарға" деген сөздердің алдынан "орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын экологиялық аудиторлық ұйымдарға - екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы "экологиялық аудиторлық ұйымдарға" деген сөздердің алдынан "орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын экологиялық аудиторлық ұйымдарға - үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден

үш жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алты жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

62) 309-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"309-1-бап. Қазақстан Республикасының астық туралы
з а ң н а м а с ы н б ұ з у

1. Астықты экспорттаушылардың уәкілетті органға астық нарығы мониторингі жөніндегі есептілікті табыс етпеуі, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Астықты экспорттау және импорттау кезінде астық сапасының тиісті п а с п о р т т а р ы н с ы з ө т к і з у , -

жеке тұлғаларға - бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

3. Мемлекеттік ресурстар астығын сақтайтын астық қабылдау кәсіпорындарының астықтың кез келген мөлшерін тиеп жөнелтуі және (немесе) көлік ұйымдарының астықты уәкілетті органмен алдын ала келіспей әкетуі, -

орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

4. Астық қабылдау кәсіпорындарының астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу; астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және өтелуі ережелерін бұзуы, -

орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

5. Астық қабылдау кәсіпорнының астықты сақтауға қатысты емес қызметті жүзеге асыруы, үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдіктер беруі және (немесе) ө з м ү л к і н к е п і л г е б е р у і , -

лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден жүз жиырмаға

дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Астық қабылдау кәсіпорындарының астықтың сандық және сапалық көрсеткіштерін жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік алты ай ішінде екі және одан да көп рет) бұрмалауы, олар құжаттамамен расталған жағдайда, -

лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүз елуден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Астық қабылдау кәсіпорнының оларсыз астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазарту, сақтау және тиеп жөнелту қызметтерін жүзеге асыру толығымен мүмкін болмайтын не айтарлықтай нашарлайтын негізгі құрал-жабдықтарды иеліктен шығаруы

лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Лицензияның қолданысын тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін осы баптың бесінші, алтыншы, жетінші бөліктерінде көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соққан бұзушылықтарды жоймау, -

лицензиядан айыра отырып, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден бес жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

63) 310-баптың он үшінші абзацы "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

64) 313-баптың бірінші абзацындағы "Жарылыс және өрт қауіпсіздігі жөніндегі мемлекеттік стандарттар талаптарына" деген сөздер "Техникалық регламенттердің талаптарын қоспағанда, жарылыс және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

65) 317-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"317-бап. Техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы бұзу

1. Техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы:

- 1) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдерді өткізу;
- 2) стандарттау жөніндегі мәлімделген нормативтік құжаттың талаптарына сәйкес

келмейтін өнімді бөлшек сауда ұйымдарында, рыноктарда сатуға шығару;

3) тауарларды буып-түю және буып-түйілген тауарларды кез келген орама түрінде өткізу кезінде ережелерді сақтамау, егер бұл өнім сапасының төмендеуіне, бұзылуына немесе өнімнің нормативтен артық ысырап болуына әкеп соқса;

4) сәйкестігі міндетті растауға жататын, сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік туралы декларациясы жоқ, сондай-ақ оны қолдан жасаған, қолдану мерзімі өткен немесе тоқтатыла тұрған жағдайда өнімді әкелу және (немесе) өткізу;

5) тиісті нормативтік құжаттарсыз өнімді (соның ішінде жөндеуден) шығару, жеткізу (өткізу) немесе пайдалану (жарату), жұмыстар мен қызметтерді орындау;

6) өнімді стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келмейтін конструкторлық, технологиялық және жобалау құжаттамаларын тапсырыс берушіге не өндіріске беру;

7) сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу ережелерін бұзу;

8) сәйкестік сертификатын негізсіз беру немесе қолданылу күшін растау, сол сияқты сәйкестік туралы декларацияны, декларацияны мәлімдеуді негізсіз қабылдау немесе тіркеу;

9) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінде сәйкестікті растау саласында аккредиттелмеген жұмыстарды жүзеге асыру;

10) мемлекеттік сынақтан немесе метрологиялық аттестаттаудан өтпеген, сондай-ақ тексерілмеген немесе жөнделмеген өлшем құралдарын және стандарттық үлгілерді айналымға шығару;

11) тиісті рұқсатсыз өлшем құралдарын дайындау, тексеру және жөндеу, сондай-ақ стандарттық үлгілерді шығару және метрологиялық аттестаттау;

12) мемлекеттік метрологиялық қадағалауға жататын және метрологиялық аттестаттаудан өтпеген өлшемдерді орындау әдістемелерін қолдану;

13) тексеруден немесе өлшем құралдарын калибрлеуден өтпеген және (немесе) өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілмеген өлшем құралдарын пайдалану;

14) тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі тәртіпті бұзу, сол сияқты тауардың шығу сертификатын заңсыз беру түрінде жасалған бұзушылық, -

аккредиттеу аттестатын, сарапшы-аудитор аттестатын тоқтата отырып не онсыз, жеке тұлғаларды - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы Кодекстің 317-1-бабында көзделген жағдайлардан басқа, техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманың талаптарын сақтауға

мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдардың нұсқауларын орындамау не
т и і с і н ш е о р ы н д а м а у , -

аккредиттеу аттестатынан, сарапшы-аудитор аттестатынан айыра отырып не онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), -

аккредиттеу аттестатынан, сарапшы-аудитор аттестатынан айыра отырып не онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

66) мынадай мазмұндағы 317-1-баппен толықтырылсын:

"317-1-бап. Өнімнің жекелеген түрлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы бұзу

Субъектінің тамақ өнімдерінің, химиялық өнімдердің, машиналар мен жабдықтардың, ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы заңнамалық актілерде және техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтіндігі анықталған кезден бастап өнімдердің өмірлік циклі процестерін жүзеге асыруын тоқтатпауы, сол сияқты мемлекеттік органдардың қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі нұсқауларын орындамауы, -

қызметі тоқтатыла отырып немесе онсыз, өнім тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүз елуден жүз алпысқа дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүзден үш жүз онға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың бес жүзден бір мың алты жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Е с к е р т у .

Осы бапқа қатысты тамақ өнімдерінің, химиялық өнімдердің, машиналар мен жабдықтардың, ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы заңнамалық актілерге сәйкес өнімдердің қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар субъектілер деп танылады.";

67) 323 - бапта :
бірінші бөлікте :

бірінші абзацтағы "Абайсыздықтан жаппай ауруға" деген сөздер "Осы Кодекстің 317-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда және абайсыздықтан жаппай ауруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;
екінші бөлікте :

бірінші абзацтағы "іс-әрекет" деген сөзден кейін "(әрекетсіздік)" деген сөзбен толықтырылсын ;

екінші абзацта "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

68) 324-баптың екінші және үшінші бөліктерінің екінші абзацындағы "тікелей құқық бұзушылық объектілері" деген сөздер "әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болып табылатын дәрілік және оларға теңестірілген заттар, емдеу-профилактикалық тағам өнімдері мен азықтық қоспалар, сондай-ақ косметикалық заттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

69) мынадай мазмұндағы 330-1-баппен толықтырылсын:

"330-1-бап. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау , -

айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.";

70) 333-баптың екінші абзацы "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

71) 336 - бапта :

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы ", стадиондарда, гүлзарларда, саябақтарда, қоғамдық көлікте" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

72) 336-1-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, -";

7 3) 3 4 4 - б а п т а :

бірінші және екінші бөліктердің екінші абзацтарындағы "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацында:

"орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

"үш жүзден төрт жүзге дейінгі" деген сөздер "екі жүзден үш жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"екі мыңға" деген сөздер "бір мың бес жүзге" деген сөздермен ауыстырылсын; төртінші бөліктің екінші абзацында:

"төрт жүзге дейінгі" деген сөздер "екі жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"заңды тұлғаларға - өнімдері тәркілене отырып, айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде" деген сөздер "шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - өнімдері тәркілене отырып, айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мыңнан бір мың бес жүзге дейінгі мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын; бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

телевизия және (немесе) радиохабарларын ұйымдастыру жөніндегі қызметке берілетін лицензиядан айырып және заңды тұлғаның қызметіне тыйым сала отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

74) 353-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацында:

"сот күші жоқ деп таныған" деген сөздерден кейін ", белгіленген тәртіппен ресми жарияланбаған" деген сөздермен толықтырылсын;

"не белгіленген тәртіпте жарияламау," деген сөздер алып тасталсын;

75) 354-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "Жеке тұлғалардың" деген сөздер "Жалпыға міндетті маңызы бар, жеке тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

76) 356-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацында: "нұсқауларды," деген сөзден кейін "ұсынымдарын," деген сөзбен толықтырылсын; "мемлекеттік инспекцияның" деген сөздер "мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"317-баптың бірінші бөлігінің 13) тармақшасында," деген сөздер "317-баптың екінші бөлігінде, 317-1," деген сөздермен ауыстырылсын;

77) мынадай мазмұндағы 356-2-баппен толықтырылсын:

"356-2-бап. Билік өкілінің немесе мемлекеттік қызмет атқаратын лауазымды адамның атағын өз бетімен иелену

1. Билік өкілеттіктерін алу мақсатында билік өкілінің немесе мемлекеттік қызмет атқаратын лауазымды адамның атағын өз бетімен иелену, егер бұл әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

78) 357-1-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "құқық бұзушылықтың тікелей объектілері болып табылатын тауарлар" деген сөздер "әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың нысанасы және (немесе) құралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "құқық бұзушылықтың тікелей объектілері болып табылатын тауарлар" деген сөздер "әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың нысанасы және (немесе) құралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

79) 357-2-баптың бірінші және екінші бөліктерінің екінші абзацы "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

80) 357-5-баптың тақырыбындағы "357-5-бап. Қазақстан" деген сөздер "357-6-бап. Қазақстан" деген сөздермен ауыстырылсын;

81) 358-баптың төртінші бөлігінің бірінші абзацы "іс-әрекеттер" деген сөзден кейін "(әрекетсіздік)" деген сөзбен толықтырылсын;

82) 364-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

8 3) 3 6 8 - б а п т а :

тақырып "сақтау," деген сөзден кейін "алып жүру," деген сөздермен толықтырылсын ;

бірінші бөліктің бірінші абзацы "сақтауы," деген сөзден кейін "алып жүруі," деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Азаматтық қаруларды өз еркімен тапсырған адам, егер оның әрекеттерінде өзге де құқық бұзушылық құрамы болмаса, әкімшілік жауаптылықтан босатылады.";

84) мынадай мазмұндағы 368-1-баппен толықтырылсын:

"368-1-бап. Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету тәртібін бұзу

1. Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылған бұйымдарды сату, экспорттау құқығына лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалардың оларды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету тәртібін бұзуы, - азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылған бұйымдар тәркілене отырып, жеке тұлғаға - айлық есептік көрсеткіштің бірге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - бестен жетіге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), - азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылған бұйымдар тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екіден үшке дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан он беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан отыз беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

8 5) 3 6 9 - б а п т а :

тақырып "патрондарды" деген сөзден кейін "сатып алу," деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

б і р і н ш і б ө л і к т і ң б і р і н ш і а б з а ц ы :

"патрондарды" деген сөзден кейін "сатып алу," деген сөздермен толықтырылсын;
"сақтауға" деген сөзден кейін ", алып жүруге" деген сөздермен толықтырылсын;
екінші бөліктің бірінші абзацы "патрондарды" деген сөзден кейін "сатып алу," деген сөздермен толықтырылсын;

86) 379 және 381-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"379-бап. Паспорттарды, жеке куәлікті заңсыз алып қою немесе оларды кепілге қабылдау

1. Азаматтардан паспорттарды, жеке куәлікті заңсыз алып қою немесе оларды кепілге қабылдау , -

ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

"381-бап. Статистикалық есептілікті ұсыну тәртібін бұзу

1. Тиісті статистикалық органдарға мемлекеттік статистикалық есептілікті уақтылы ұсынбау, дұрыс емес мемлекеттік статистикалық есептілікті ұсыну, - жеке және заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2 . Тиісті статистикалық органдарға мемлекеттік статистикалық есептілікті ұсынбау, сондай-ақ осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға - бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

8 7) 3 8 7 - б а п т а :

тақырыптағы және бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "қалалық инфрақұрылым" деген сөздер "қала мен елді мекендер инфрақұрылымы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

бірінші және екінші бөліктердің екінші абзацы "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

88) 390-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы "жеке тұлғаларға" деген сөздердің алдынан "әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болған көлік құралдары мен өзге де заттары тәркілене отырып немесе онсыз," деген сөздермен толықтырылсын;

89) 391 - 1 - б а п т а :

екінші бөліктің екінші абзацы "жеке тұлғаларға" деген сөздердің алдынан "әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болған көлік құралдары мен өзге де заттары тәркілене отырып немесе онсыз," деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы "айлық есептік көрсеткіштің" деген сөздердің алдынан "әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болған көлік құралдары мен өзге де заттары тәркілене отырып немесе онсыз," деген сөздермен толықтырылсын;

90) 394-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы "визада көрсетілген" деген сөздерден кейін "не тіркеу кезіндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

91) 405-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы, 410 және 421-баптардың бірінші және екінші бөліктерінің екінші абзацындағы, 423-баптың екінші абзацындағы, 424-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы, 426-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы, 427 және 428-баптардың екінші абзацындағы, 429 және 430-баптардың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "құқық бұзушылықтың тікелей объектілері", "тікелей құқық бұзушылықтың объектілері", "құқық бұзушылықтың тікелей объектісі" деген сөздер "әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысаналары" деген сөздермен ауыстырылсын;

92) 439-баптың алтыншы бөлігінің екінші абзацында:

"шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің" деген сөздер "жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - бестен жетіге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға -" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бестен" деген сөз "сегізден" деген сөзбен ауыстырылсын;

93) мынадай мазмұндағы 440-1-баппен толықтырылсын:

"440-1-бап. Теміржол жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеусіз немесе қайта тіркеусіз пайдалану

1. Теміржол жылжымалы құрамын уәкілетті органда мемлекеттік тіркеусіз немесе қайта тіркеусіз пайдалану, -

жеке тұлғаларға - екі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма айлық есептік көрсеткіш

мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), - жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

94) 447-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацындағы "оннан" деген сөз "он бестен" деген сөздермен ауыстырылсын;

95) 447-1-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы "автокөлік құралын басқаруы" деген сөздер "автокөлік құралын пайдалануы" деген сөздермен ауыстырылсын;

96) 447-2-баптың бірінші абзацындағы "Шетелдік жеке және заңды тұлғаларға" деген сөздер "Шетелдіктерге немесе шетелдік заңды тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

97) 451-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "елу айлық есептік көрсеткішке" деген сөздер "айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен елуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

98) 457-баптың екінші абзацы:

"айлық есептік көрсеткіштің" деген сөздерден кейін "оннан" деген сөзбен толықтырылсын;

"ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін "жиырмадан" деген сөзбен толықтырылсын;

99) 461-баптың 6-1-бөлігінің бірінші абзацы "тұрақты" деген сөзден кейін "немесе тұрақты емес" деген сөздермен толықтырылсын;

100) 463-бапта:

екінші бөліктің бірінші абзацы "жүктерді" деген сөзден кейін "автокөлік құралдарымен не" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің бірінші абзацындағы "Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдау" деген сөздер "Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүруі" деген сөздермен ауыстырылсын;

101) 467-1-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің" деген сөздер "жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға -" деген сөздермен ауыстырылсын;

102) 471-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"471-бап. Ішкі істер (полиция), көліктік бақылау

органдары қызметкерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде және Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде көлік құралын тоқтату туралы талаптарын орындамау, масаң күйін куәландырудан өтуден жалтару";

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Көліктік бақылау органы қызметкерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу бекеттерінде және Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде көлік құралын тоқтату туралы заңды талабын орындамау, - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады . " ;

ескертудегі "ішкі істер органдары (полиция)" деген сөздер "ішкі істер (полиция), көліктік бақылау органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 0 3) 4 8 0 - б а п т а :

тақырыптағы "және теңдеме жүкті" деген сөздер ", теңдеме жүк пен жол теңдеме жүгін" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктің бірінші абзацы "жүкті" деген сөзден кейін "немесе жол теңдеме жүгін" деген сөздермен толықтырылсын;

104) 484-баптың екінші бөлігіндегі "471" деген цифрдан кейін "(бірінші, екінші бөліктерінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

105) 494-баптың бірінші және екінші бөліктерінің екінші абзацы "орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

106) мынадай мазмұндағы 494-1-баппен толықтырылсын:

"494-1-бап. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын бұзу

1. Негізгі байланыс операторының телекоммуникация желілерін ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілеріне қосудан негізсіз бас тартуы, сондай-ақ трафикті өткізу тәртібін бұзуы, -

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Телекоммуникация желілерін Қазақстан Республикасының байланыс

саласындағы заңнамасында көзделген ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілеріне қосу мерзімдерін бұзу, - шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), - шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

107) 496-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"496-бап. Сәйкестігі міндетті растауға жататын, бірақ одан өтпеген байланыс құралдарын пайдалану

1. Қазақстан Республикасы телекоммуникациясының біртұтас желісінде техникалық реттеу саласында сәйкестігі міндетті растауға жататын және одан өтпеген техникалық байланыс құралдарын пайдалану, сол сияқты электромагнитті сәулелендіру көзі болып табылатын радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиіліктегі құрылғыларды, почта байланысының техникалық құралдарын пайдалану, -";

108) 498-бап алып тасталсын;

109) мынадай мазмұндағы 516-1-баппен толықтырылсын:

"516-1-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдемелерді бұрмалау

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдемелерді әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыруға уәкілетті органның (лауазымды адамның), прокурордың, іс жүргізу іс-әрекетіне қатысатын маманның немесе қорғаушының бұрмалауы, егер бұл іс-әрекет адамның денсаулығына немесе айтарлықтай залал келтіруге себепші болмаса, - айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

110) 534-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың, бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -";

111) 539-баптың үшінші бөлігіндегі "немесе оның тікелей объектісі" деген сөздер "не нысанасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1 2) 5 4 1 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"79-3, 79-4," деген цифрлардан кейін "79-5," деген цифрлармен толықтырылсын;
"143," деген цифрлардан кейін "145," деген цифрлармен толықтырылсын;
"176 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "177-1, 177-2, 177-3, 177-4, 177-5,"
деген цифрлармен толықтырылсын;

"188" деген цифрлар "188 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;
"308," деген цифрлардан кейін "309-1 (жетінші, сегізінші бөліктерінде)," деген
сөздермен толықтырылсын;

"316," деген цифрлардан кейін "317 (екінші және үшінші бөліктерінде), 317-1,"
деген сөздермен толықтырылсын;

"330-332" деген цифрлар "330, 330-1 (екінші бөлігінде), 331, 332" деген сөздермен
ауыстырылсын;

"357-5, 359" деген цифрлар "357-6, 359" деген цифрлармен ауыстырылсын;
"368," деген цифрлардан кейін "368-1," деген цифрлармен толықтырылсын;
"391 (екінші бөлігінде), 391-1 (үшінші бөлігінде)" деген сөздер "390 (екінші
бөлігінде), 391 (екінші бөлігінде), 391-1 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген
сөздермен ауыстырылсын;

"468 (екінші бөлігінде)" деген сөздер "468 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген
сөздермен ауыстырылсын;

"494 (екінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "491-1 (үшінші бөлігінде)," деген
сөздермен толықтырылсын;

"498 (екінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;
екінші бөліктегі "немесе оның тікелей объектісі" деген сөздер "не нысанасы" деген
сөздермен ауыстырылсын;

1 1 3) 5 4 3 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"298 (бірінші бөлігінде), 300, 311" деген сөздер "311, 330-1 (бірінші бөлігінде)"
деген сөздермен ауыстырылсын;

"336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде)," деген сөздерден кейін "336-2," деген
цифрлармен толықтырылсын;

"379 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер "379, 380-1" деген цифрлармен
ауыстырылсын;

390, 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздер
"390 (бірінші бөлігінде), 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші бөлігінде)" деген
сөздермен ауыстырылсын;

"468 (бірінші, үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "468 (үшінші бөлігінде)" деген
сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

2) тармақшада :

"311," деген цифрлардан кейін "330-1 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын ;

"390, 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 392" деген сөздер "390 (бірінші бөлігінде), 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші бөлігінде), 392, 394 (бірінші бөлігінде), 395" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада :

"306 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "330-1 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын ;

"391-1 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздер "391-1 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4) тармақша "331," деген цифрлардан кейін "330-1 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын ;

5) тармақша "осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "330-1 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын ;

б) тармақшадағы "468 (бірінші, үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "468 (үшінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақша "311," деген цифрлардан кейін "330-1 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын ;

9) тармақша "116," деген цифрлардан кейін "330-1 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын ;

11) тармақша "306 (бірінші бөлігінде)" деген сөздерден кейін ", 330-1 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылып, "олардың орынбасарлары." деген сөздер "олардың орынбасарлары;" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) осы Кодекстің 394 (бірінші бөлігінде), 395, 396 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - ішкі істер органдарының көші-қон полициясы басқармаларының, бөлімдерінің, бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары.";

114) 548 - бапта :

бірінші бөлікте :

"осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "175 (екінші бөлігінде, бұл бұзушылықтарды Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде көлік құралдарының иелері немесе тасымалдаушылар жасаған кезде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"246" деген цифрлардан кейін "(бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын ;

"440," деген цифрлардан кейін "440-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

"460 (әуе, теңіз көлігі кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда)" деген сөздер "460 (әуе кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"467-1," деген цифрлардан кейін "470 (үшінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде жасалса)," деген сөздермен толықтырылсын;

"әуе, теңіз көлігі кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 483" деген сөздер "әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 483" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"175 (екінші бөлігінде, бұл бұзушылықтарды Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде көлік құралдарының иелері немесе тасымалдаушылар жасаған кезде), 247, 357-2 (бірінші бөлігінде), 440, 440-1, 441, 447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 452, 454 (төртінші бөлігінде), 455, 456, 459-460 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 461 (6-1-бөлігінде), 463 (бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзу болып табылатын кезде, екінші және үшінші бөліктерінде), 467-1, 470 (үшінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде жасалса), 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 479, 480, 481 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 483, 486 (бірінші бөлігінде), 490-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бойынша - көліктік бақылау органдарының осыған уәкілетті лауазымды адамдары құқылы.";

115) 549-1-баптың бірінші бөлігінде:

"494 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "494-1 (бірінші және екінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

", 498-бабында (бірінші бөлігінде)" деген сөздер алып тасталсын;

116) 551-баптың бірінші бөлігіндегі "128, 145-баптарында" деген сөздер "128-бабында" деген сөздермен ауыстырылсын;

117) 551-1-бапта:

бірінші бөліктегі "379 (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға мыналар құқылы:

1) осы Кодекстің 357-2-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін, - заңды тұлғаларды, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, бағалау қызметін реттеу, Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу мен құжаттандыру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның басшысы, оның орынбасарлары;

2) осы Кодекстің 380-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін, - аумақтық әділет органдарының бірінші басшылары мен олардың орынбасарлары.";

118) 555-баптың бірінші бөлігіндегі "357-2 (екінші бөлігінде)" деген сөздер "357-2 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

119) 556-баптың бірінші бөлігіндегі "468 (бірінші, үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "468 (үшінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

120) 557-2-баптың бірінші бөлігі "85-1," деген цифрлардан кейін "85-2," деген цифрлармен толықтырылсын;

121) 558-бап "323-бабында" деген сөзден кейін "(бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

122) 559-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік шаралар қ о л д а н у ғ а :

Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы мен оның орынбасарлары жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

Мемлекеттік шекара мен көліктегі бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторлар және мемлекеттік ветеринариялық инспекторлар, облыстардың мемлекеттік ветеринариялық инспекторлары және мемлекеттік бас ветеринариялық инспекторлары мен олардың орынбасарлары, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ветеринариялық инспекторлары жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырыққа дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексенге дейінгі м ө л ш е р і н д е а й ы п п ұ л с а л у ғ а ;

аудандардың, қалалардың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторлары мен мемлекеттік ветеринариялық инспекторлары, селолық округтердің ветеринариялық инспекторлары, жергілікті атқарушы органдардың ветеринариялық мекемелерінің және ведомстволық ветеринариялық қызметтің мемлекеттік ветеринариялық бақылауды жүзеге асыруға өкілеттік берілген ветеринариялық дәрігерлері жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмаға дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.";

123) 560-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"560-бап. Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган

1. Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган мен оның жергілікті жерлердегі

органдары осы Кодекстің 307-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға:

Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қырыққа дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлар, өсімдік карантині жөніндегі облыстық және қалалық қызметтердің мемлекеттік инспекторлары жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыз беске дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

өсімдіктер карантині жөніндегі қалалық, аудандық қызметтердің, шекаралық пункттер мен бекеттердің мемлекеттік инспекторлары жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отызға дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.";

124) 560-1-баптың бірінші бөлігіндегі "309-1" деген цифрлар "309-1 (бірінші, екінші, үшінші, төртінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

125) 560-2 және 561-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"560-2-бап. Өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган

1. Өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері осы Кодекстің 220, 294, 309-3, 357-2 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға:

Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің өсімдіктерді қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - сексенге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпіс беске дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.";

"561-бап. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органдар

1. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органдар осы Кодекстің 121, 124 (екінші бөлігінде), 276, 277, 278 (екінші бөлігінде), 279-281-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға:

Суды пайдалануды реттеу және суды қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор және оның орынбасарлары, суды пайдалануды реттеу және суды қорғау жөніндегі бас мемлекеттік бассейндік (аумақтық) инспекторлары және олардың орынбасарлары жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпіске дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

суды пайдалануды реттеу және суды қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлар жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - алпыс беске дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

суды пайдалануды реттеу және суды қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - алпысқа дейінгі, ірі кәсіпкерлік

субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз алпысқа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.";

1 2 6) 5 6 2 - б а п т а :

бірінші бөлік "306 (бірінші бөлігінде)" деген сөздерден кейін ", 357-2 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

1) тармақша "306 (бірінші бөлігінде)" деген сөздерден кейін ", 357-2 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) осы Кодекстің 121, 250, 252, 282, 283 (екінші бөлігінде), 284-291, 294, 296, 297, 298 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - облыстық атқарушы органдардың орман және аңшылық шаруашылығы құрылымдық бөлімшелерінің лауазымды адамдары;"

1 2 7) 5 6 3 - б а п т ы ң е к і н ш і б ө л і г і н д е :

е к і н ш і а б з а ц т а :

"Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының жерді пайдалану және қорғау жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

"үш жүзге" деген сөздер "бес жүзге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жерді пайдалану және қорғау жөніндегі аумақтық мемлекеттік бас инспекторлардың ұсынуы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық ісі бойынша барлық хаттамалар мен қаулыларды бекітуге;" деген сөздер алып тасталсын;

ү ш і н ш і а б з а ц т а :

"жер ресурстарын басқару" деген сөздер "жерді пайдалану және қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын;

"онға" деген сөз "жиырмаға" деген сөзбен ауыстырылсын;

"орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

"жиырмаға" деген сөз "жүзге" деген сөзбен ауыстырылсын;

"жүз" деген сөз "үш жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

"жер ресурстарын басқару" деген сөздер "жерді пайдалану және қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын;

"беске" деген сөз "онға" деген сөзбен ауыстырылсын;

"орта кәсіпкерлік субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе коммерциялық емес

ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;
"он беске" деген сөздер "елуге" деген сөзбен ауыстырылсын;
"жүзге" деген сөз "жүз елуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2 8) 5 6 6 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"317" деген цифрлар "317 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;
", 498 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер алып тасталсын;
екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторы мен оның орынбасарлары, сондай-ақ облыстар мен қалалардың мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторлары мен олардың орынбасарлары әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.";

129) 567-баптың бірінші бөлігіндегі "468 (бірінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

130) 569-баптың бірінші бөлігіндегі "381-384" деген цифрлар "381, 382-384" деген цифрлармен ауыстырылсын;

131) 570-баптың бірінші бөлігі "88-1 (екінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "166 ,"
" деген цифрлармен толықтырылсын;

132) 570-1-баптың бірінші бөлігінде:

"145," деген цифрлар алып тасталсын;

"176 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "205 (бірінші, екінші, төртінші және бесінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

133) 571-баптың бірінші бөлігіндегі және екінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "177 -1, 177-1, 177-2, 177-3, 177-4, 178, 179-2, 184-1, 184-2, 185-187" деген цифрлар "178, 179 -2, 184-1, 184-2, 185, 186" деген цифрлармен ауыстырылсын;

134) 572-баптың бірінші бөлігіндегі "екінші, 4-1, бесінші, жетінші және сегізінші бөліктер - валюталық бақылау мәселелері бойынша, оныншы және он бірінші бөліктер) , 169, 180-182, 187, 189, 218 (валюталық бақылау мәселелері бойынша)" деген сөздер "1 -1, екінші, үшінші, 4-1, бесінші, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктер), 169, 180, 182, 187, 188 (бірінші бөлігінде), 218" деген сөздермен ауыстырылсын;

135) 573-баптың бірінші бөлігіндегі "139 (бірінші бөлік), 158-1" деген сөздер "158-1, 158-2" деген цифрлармен ауыстырылсын;

136) 574-баптың бірінші бөлігіндегі "88 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздер "88 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 3 7) 5 7 5 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "390, 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздер "390 (бірінші бөлігінде), 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің 1) тармақшасының бірінші абзацындағы "шет мемлекеттердің жеке немесе заңды тұлғаларына" деген сөздер "шетелдіктерге немесе шетелдік заңды тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

138) 576-4-баптың бірінші бөлігі "Кодекстің" деген сөзден кейін "309-1 (бесінші, алтыншы бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

1 3 9) 5 8 4 - б а п т а :

бірінші бөлік "іс жөніндегі қаулыға шағымдануға," деген сөздерден кейін "одан үзінді алуға және істегі құжаттардың көшірмелерін түсіріп алуға," деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

"немесе тікелей объектісі" деген сөздер "не нысанасы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"арнайы құқықтардан айыру түріндегі" деген сөздерден кейін "(көлік құралдарын басқару құқығын қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың үшінші бөлігінде аталған адамдар іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын судьяның, органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуден жалтарған жағдайда, бұл адамды мәжбүрлеп алып келу іске асырылуы мүмкін.

Алып келу туралы сот ұйғарымын сот приставы немесе ішкі істер органдары; әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын органның (лауазымды адамның) ұйғарымын ішкі істер органдары (полиция) орындайды.";

140) 587-баптың бесінші бөлігіндегі "құқық бұзушылықтың құралы немесе тікелей объектісі" деген сөздер "құқық бұзушылықтың құралы не нысанасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

141) 613-баптың бірінші бөлігіндегі "немесе тікелей объектісі" деген сөздер "не нысанасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 4 2) 6 2 0 - б а п т а :

1) тармақша "ішкі істер органдарының (полицияның) қызметкері," деген сөздерден кейін "қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адам," деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

10) тармақшадағы "қолданыстағы стандарттардың (нормалардың, ережелердің) немесе континенттік қайраңында" деген сөздер алып тасталып, "бұзылуына байланысты" деген сөздерден кейін "континенттік қайраңында" деген сөздермен толықтырылсын;

143) 626-баптың бірінші бөлігіндегі "оның тікелей объектілерін" деген сөздер "нысанасын" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 4 4) 6 2 7 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "оның тікелей объектілерін" деген сөздер "нысанасын" деген

с о з б е н

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Ерекше жағдайларда (жету қиындық тудыратын жерлерде, тиісті қатынас құралдары болмаған кезде немесе басқа да объективті себептерге байланысты жеке тұлғаларды куәгерлер ретінде тартуға мүмкіндік болмағанда) көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру, яғни құрылымдық тұтастығын бұзбай жүзеге асырылатын зерттеу куәгерлердің қатысуынсыз, бірақ бұл ретте оның барысы мен нәтижелерін айғақтап көрсететін техникалық құралдар қолданыла отырып жүргізілуі мүмкін.";

145) 628-баптың бірінші бөлігінде:

"немесе объектілері" деген сөздер "не нысанасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын;

"Ерекше жағдайларда (жету қиындық тудыратын жерлерде, тиісті қатынас құралдары болмаған кезде немесе басқа да объективті себептерге байланысты жеке тұлғаларды куәгерлер ретінде тартуға мүмкіндік болмағанда) құқық бұзушылық жасалған орында табылған құқық бұзушылық құралдары болатын не осы Кодекстің 618-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану кезінде құжаттар мен заттарды алып қою куәгерлердің қатысуынсыз, бірақ бұл ретте оның барысы мен нәтижелерін айғақтап көрсететін техникалық құралдар қолданыла отырып жүргізілуі мүмкін.";

146) 632-бапта:

"немесе оның тікелей объектісі" деген сөздер "не нысанасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"лауазымды адамдар" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ осы Кодекстің 317-1-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға құқығы бар уәкілетті лауазымды адамдар" деген сөздермен толықтырылсын;

147) 632-1-баптың бірінші бөлігіндегі "немесе оның тікелей объектісі" деген сөздер "не нысанасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

148) 634-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы "хабарламалар себеп болады ." деген сөздер "хабарламалар;" деген сөзбен ауыстырылсын, бөлік мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) бұзушылық фактісі мен бұзушының жеке басын шынайы анықтауға мүмкіндік беретін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшем құралдарының және құқық бұзушылықты байқау мен тіркеудің метрологиялық тексеруден өткен аспаптарының, көлік құралдарының түрін, жүру уақытын, жылдамдығы мен бағытын тіркейтін фото-, бейне аппаратуралардың көрсеткіштері себеп болып табылады.";

149) 635-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-2-бөлікпен толықтырылсын:

"4-2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөнінде хаттамаға қол қойып қабылдаудан бас тартқан жағдайда,

хаттамаға оны толтырған адам тиісті жазба жазады."; алтыншы бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама осы Кодекстің 634-бабы бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген, сондай-ақ осы баптың 4-1 және 4-2-бөліктерінде негіздер бойынша өзіне қатысты іс қозғалған адам болмаған кезде жасалған жағдайда, ол өзіне қатысты іс қозғалған адамға хабарлана отырып, тапсырыс хатпен почта арқылы жіберіледі.";

1 5 0) 6 3 6 - б а п т а :
б і р і н ш і б ө л і к т е :
1) т а р м а қ ш а д а :
е к і н ш і а б з а ц т а :

"79-4," деген цифрлардан кейін "79-5," деген цифрлармен толықтырылсын;
283 (бірінші бөлігі)" деген сөздер "283 (бірінші және үшінші бөліктері)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"314," деген цифрлардан кейін "317-1 (азаматтық және қызметтік қаруларға және олардың патрондарына, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылған бұйымдардың айналымына байланысты химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша)," деген сөздермен толықтырылсын;

"330-332" деген цифрлар "330, 330-1 (екінші бөлігі), 331, 332" деген сөздермен ауыстырылсын;

"368," деген цифрлардан кейін "368-1," деген цифрлармен толықтырылсын;
"388," деген цифрлардан кейін "390 (екінші бөлігі), 391-1 (екінші және үшінші бөліктері)," деген сөздермен толықтырылсын;

"468 (бірінші және екінші бөліктері), 469, 471" деген сөздер "468 (екінші бөлігі), 469, 471 (бірінші және екінші бөліктері)" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац "314," деген цифрлардан кейін "317-1 (өрт және жарылыс қауіпсіздігі бөлігінде машиналар мен жабдықтарға, химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша)," деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші абзацтағы "137, 310-баптар" деген сөздер "317-1-бап (ветеринариялық бақылауға жататын тамақ өнімдеріне қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша)" деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызыншы абзац "306-1 (үшінші бөлігі)," деген сөздерден кейін "317-1 (химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша)," деген сөздермен толықтырылсын;

оныншы абзац "бұзу болмаған кезде)," деген сөздерден кейін "317-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

он бірінші абзац "322" деген цифрлардың алдынан "317-1 (ойыншықтарға, химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша)," деген

сөздермен толықтырылсын;

он бесінші абзацтағы "308-бап" деген сөз "308, 317-1 (химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша)-баптар" деген сөздермен ауыстырылсын;

он алтыншы абзацтағы "309-2 (төртінші бөлігі)" деген сөздер "(309-2 (төртінші бөлігі), 356 (үшінші бөлігі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

он жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның (317-1 (машиналар мен жабдықтарға, химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша) ; " ;

жиырмасыншы абзац :

"231" деген цифрлардан кейін "(екінші бөлігі)" деген сөздермен толықтырылсын;

"315," деген цифрлардан кейін "317-1 (тамақ өнімдеріне, ойыншықтарға, химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша), 323 (екінші бөлігі) ," деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма бірінші абзацта :

"356," деген цифрлардың алдынан "317-1 (байланыс құралдарына қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша)," деген сөздермен толықтырылсын;

"494 (екінші бөлігі)," деген сөздерден кейін "494-1 (үшінші бөлігі)," деген сөздермен толықтырылсын;

", 498 (екінші бөлігі)" деген сөздер алып тасталсын;

жиырма екінші абзац "356," деген цифрлардың алдынан "317-1 (машиналар мен жабдықтарға, химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша)," деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма үшінші абзацтағы "467-1" деген цифрлар "471 (1-1-бөлігі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма төртінші абзац "177-4," деген цифрлардан кейін "177-5," деген цифрлармен толықтырылсын;

жиырма бесінші абзацтағы "184-1 (үшінші бөлігі)," деген сөздер алып тасталсын;

жиырма жетінші абзацта :

"143," деген цифрлардан кейін "145," деген цифрлармен толықтырылсын;

"357-2 (бірінші бөлігі)" деген сөздер "357-2 (екінші бөлігі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма сегізінші абзац "алтыншы," деген сөзден кейін "жетінші," деген сөзбен толықтырылсын;

жиырма тоғызыншы абзацтағы "188," деген цифрлар алып тасталсын;

отызыншы абзацта :

"129," деген цифрлардан кейін "145," деген цифрлармен толықтырылсын;

"357-5, 376" деген цифрлар "357-6, 376" деген цифрлармен ауыстырылсын;

отыз бірінші абзацтағы ", 493 (екінші бөлігі)" деген сөздер алып тасталсын;
отыз бесінші абзац "(төртінші бөлігі)," деген сөздерден кейін "317 (екінші және үшінші бөліктері), 317-1," деген сөздермен толықтырылсын;

отыз алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау органдарының (223-225-баптар) ; " ;

мынадай мазмұндағы отыз жетінші абзацпен толықтырылсын:

"индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның (317-1-бап (машиналар мен жабдықтарға, химиялық өнімдерге, ойыншықтарға қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша) ; " ;

отыз сегізінші абзацтағы "127," деген цифрлар алып тасталсын;

отыз тоғызыншы абзац "316" деген цифрлардан кейін ", 317-1 (машиналар мен жабдықтарға қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша)" деген сөздермен толықтырылсын;

қырқыншы абзацтағы "391 (екінші бөлігі), 391-1 (үшінші бөлігі)" деген сөздер "390 (екінші бөлігі), 391 (екінші бөлігі), 391-1 (екінші және үшінші бөліктері)" деген сөздермен ауыстырылсын;

қырық үшінші абзацтағы "323, 330, 331, 332, 333, 336, 355, 368, 369, 370, 371, 373, 388, 460, 463" деген цифрлар "323 (екінші бөлігі), 330, 331, 332, 333, 336, 355, 356-2, 368, 369 (екінші бөлігі), 370, 371 (екінші бөлігі), 373, 388, 463 (1-1-бөлігі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

қырық төртінші абзац "177-4," деген цифрлардан кейін "177-5," деген цифрлармен толықтырылсын ;

қырық бесінші абзац "356" деген цифрлардың алдынан "317-1 (химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша)," деген сөздермен толықтырылсын ;

қырық алтыншы абзацтағы "130, 230, 231 (бірінші бөлігі), 234, 235 (бірінші бөлігі), 236, 237-1, 238, 239, 342, 343, 357-2 (бірінші бөлігі)" деген сөздер "127, 237-1, 309-1 (жетінші, сегізінші бөліктері), 309-4 (сегізінші, тоғызыншы бөліктері), 342, 343, 357-2 (екінші бөлігі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

қырық жетінші абзац алып тасталсын;

3) тармақша "188" деген цифрлардан кейін "(екінші бөлігі)" деген сөздермен толықтырылсын ;

екінші бөліктің үшінші абзацы алып тасталсын;

151) 637-баптың бірінші бөлігі:

"356-1," деген цифрлардан кейін "356-2," деген цифрлармен толықтырылсын;
"513," деген цифрлардан кейін "516-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

152) 646-бап мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Судья, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар

(лауазымды адамдар) іс жүргізуде бір адамға қатысты қозғалған екі немесе одан да көп істер барын анықтай отырып, осы істерді бірге қарау үшін бір іске біріктіруге құқылы." ;

1 5 3) 6 5 1 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіру туралы шешім шығарылған кезде, Қазақстан Республикасының аумағынан шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның сол мерзім ішінде кетуі тиіс ақылға қонымды мерзім көрсетіледі." ;

үшінші бөліктің 1) тармақшасындағы "немесе тікелей объектілері" деген сөздер "не нысанасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

154) 709-1-баптың үшінші бөлігіндегі "өтініш" деген сөз "ол" деген сөзбен ауыстырылсын;

155) 712-баптың тақырыбындағы "қаруы немесе тікелей объектісі" деген сөздер "құралы не нысанасы" деген сөздермен, бірінші және екінші бөліктеріндегі "құқық бұзушылықтың қаруы немесе тікелей объектісі" деген сөздер "құқық бұзушылық жасаудың құралы не нысанасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5 6) 7 1 3 - б а п т а :

тақырыптағы "қаруы немесе оның тікелей объектісі" деген сөздер "құралы не нысанасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"құқық бұзушылықтың қаруы немесе тікелей объектісі" деген сөздер "құқық бұзушылық жасаудың құралы не нысанасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жедел-ізвестіру іс-шаралары" деген сөздер "жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "құқық бұзушылықтың қаруы немесе тікелей объектісі" деген сөздер "құқық бұзушылық жасаудың құралы не нысанасы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап . Осы Заң, 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 37) тармақшасын қоспағанда, 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті